

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ
МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И
ИНТЕГРАЦИИ

РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ, Мәңгілік ел даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 75-05-01, 75-05-38

010000, г. Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 11
тел.: 8(7172) 75-05-01, 75-05-38

№ _____

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент
қалалары мен облыстарының
Техникалық реттеу және метрология
аумақтық департаменттеріне
(тізім бойынша)
«Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС

*коронавирустық инфекция кезеңінде
Қазақстан Республикасының аумағында
өнімдерді сертификаттауды жүргізу
мәселелері бойынша уақытша шаралар
қабылдауға қатысты*

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының коронавирус COVID-19 пандемиясын жариялауына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына сәйкес азаматтардың өмірі мен денсаулығын коронавирустан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдай енгізілді.

Коронавирусты таратуға қарсы күресте қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында бірқатар белгілі бір шаралар мен уақытша шектеулер қабылданды, Қазақстан Республикасының аумағына кіруге және оның аумағынан шығуға, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілері арасында кіруге/шығуға шектеу қойылды, бизнес-процестерде шектеулер енгізілді, оның ішінде қызметкерлердің толық емес жұмыс уақыты режимі енгізілді және қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігі белгіленді.

Осыған байланысты коронавирустық инфекция (COVID-19) пандемиясы кезеңінде республика халқын жеке қорғану құралдарымен, дезинфекциялау құралдарымен (тұрмыста, емдеу-алдын алу мекемелерінде қолдану үшін), тұрмыстық химия тауарларын жеткізуді тұрақты қамтамасыз ету мақсатында, Комитет аумақтық департаменттерге және «Ұлттық аккредиттеу орталығы» ЖШС-не **өнімнің сәйкестігін бағалауды жүргізуге дереу жәрдем көрсету туралы**

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынақ зертханаларының (орталықтарының) назарына жеткізуді тапсырады.

Бұған қосымша **жеке қорғану құралдары, дезинфекциялау құралдары (қолдану, тұрмыста, емдеу-профилактикалық мекемелерде), тұрмыстық химия тауарлары** Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы мен кедендік аумағында санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын Бірыңғай тауарлар тізбесіне кіреді және «Еуразиялық экономикалық одақта санитариялық шараларды қолдану туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешіміне сәйкес **мемлекеттік тіркеуге** жатады.

Сонымен қатар, өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі органдардың өнім үлгілерінің (сынамаларының) өндіріс жай-күйіне талдаудың және іріктеудің міндетті рәсімдерін жүргізу үшін сарапшы-аудиторлардың өндіріске шығуының шектеулі мүмкіндігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті сәйкестікті растау жөніндегі органдарға және өтініш берушілерге сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мыналарды ескеруді ұсынады:

1) сериялық өнімге қолданыстағы сәйкестік сертификаттарына қатысты, егер кезекті жоспарлы инспекциялық бақылау мерзімі басталған немесе коронавирустық инфекция (COVID-19) пандемиясы кезеңінде басталған жағдайда, сертификатталған өнімнің өндірісінің жай-күйін талдау өндіріс деңгейін және технологиялық процестердің қойылатын талаптарға сәйкестігін толық көлемде бағалауға мүмкіндік беретін фотоны және бейнетіркеуді қолдана отырып, электрондық немесе пошта байланысыарқылы құжаттар (деректер) алмасу жолымен қашықтықтан (онлайн-режимде) жүргізіледі.

Бұл ретте сәйкестікті растау жөніндегі орган:

- өндірістің жай-күйіне міндетті талдау жүргізу және үлгілерді (сынамаларды) іріктеу үшін өндіріске шығу мүмкін болмаған жағдайда қашықтықтан инспекциялық бақылау рәсімін көздейтін сапа менеджменті жүйесін өзектендіру бойынша шаралар қабылдайды;

- сәйкестік сертификаты бойынша істе дайындаушының техникалық құжаттаманың өзгермейтіні және сертификатталған өнімді өндірудің технологиялық процесінің тұрақтылығы туралы хатының болуын қамтамасыз етеді;

- инспекциялық бақылау жүргізу жоспарына тиісті өзгерістер енгізеді;

- өтініш берушінің (дайындаушының немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның) өнім қоймасында, уақытша сақтау қоймасында, кеден қоймасында, көлік құралдарының сыйымдылығында өтініш берушінің, дайындаушының немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның қатысуымен үлгілерді (сынамаларды) сәйкестендіруді және іріктеуді жүргізеді.

Өтініш берушімен (дайындаушымен немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлғамен) келісім бойынша өнім үлгілерін сәйкестендіруді және іріктеуді өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі басқа орган және (немесе) аккредиттеу саласына тиісті өнім енгізілген аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) немесе өтініш берушінің өзі (дайындаушы немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлға)

сәйкестікті растау жөніндегі органның немесе аккредиттелген сынақ зертханасының қатысуымен бейнебайланыс режимінде жүргізуі мүмкін.

2) қолданылу мерзімі коронавирустық инфекция (COVID-19) пандемиясы кезеңінде аяқталатын сериялық өнімге қолданыстағы сәйкестік сертификаттарына қатысты осы сертификатталған өнімге мерзімдік бағалауды (инспекциялық бақылау) жүргізген сәйкестікті растау жөніндегі орган осындай сертификатталған өнімді соңғы мерзімдік бағалаудың оң нәтижелерін ескере отырып, жаңа сериялық сертификатты ресімдеуі мүмкін.

Осындай жаңадан берілетін сертификаттар бойынша инспекциялық бақылау Қазақстан Республикасының аумағында да, өнім дайындалатын елде де Елдер тізбесінен эпидемиологиялық жағдайға шектеу алынған сәттен бастап 3 айдан аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

Аталған тармақ міндетті талаптарды бұзудың анықталған фактілері жоқ өнімге қатысты ғана қолданылуы мүмкін.

3) Қазақстан Республикасы аумағында айналымға алғаш рет шығарылатын сериялық өндіріс өнімдеріне қатысты өндірістің жай-күйін талдау өндірістің деңгейін және технологиялық процестердің қойылатын талаптарға сәйкестігін толық көлемде бағалауға мүмкіндік беретін фото және бейнетіркеу қолдана отырып, электрондық немесе пошта байланысы арқылы құжаттар (ақпарат) алмасу жолымен қашықтықтан (онлайн-режимде) жүргізіледі.

Бұл ретте сәйкестікті растау жөніндегі орган кейіннен инспекциялық бақылау жүргізу кезінде алынған деректерді Қазақстан Республикасының аумағында да, өнім дайындалатын елде де эпидемиологиялық жағдайға шектеу алынған сәттен бастап 3 айдан аспайтын мерзімде Елдер тізбесінен тексеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Сәйкестікті растау жөніндегі орган өнім орналасқан жерде: дайын өнімнің өндірістік желісінде немесе отандық дайындаушы болған жағдайда дайындаушы өнімінің қоймасында; дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның қоймасында; уақытша сақтау қоймасында; кеден қоймасында; алушының қоймасында; көлік құралының сыйымдылығында үлгілерді (сынамаларды) сәйкестендіруді және іріктеуді жүргізеді. Қазақстан Республикасының аумағына кедендік рәсімдерді сақтай отырып әкелінген және іріктеп алынатын өнім үлгілерінің тәртібі мен санын айқындайтын нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын сақтай отырып, өнім үлгілеріне (сынамаларына) зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулер жүргізуге арналған сынамалар мен үлгілер арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш берушімен (дайындаушымен немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлғамен) келісім бойынша өнім үлгілерін сәйкестендіруді және іріктеуді өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі басқа орган және (немесе) аккредиттеу саласына тиісті өнім енгізілген аккредиттелген сынақ зертханасының (орталығының) немесе өтініш берушінің өзі (дайындаушы немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) сәйкестікті растау жөніндегі органның немесе аккредиттелген сынақ зертханасының қатысуымен бейнебайланыс режимінде жүргізуі мүмкін.

Өнімнің үлгілерін (сынамаларын) сәйкестендіруді және іріктеуді жүргізу кезінде процестің өзін де, сондай-ақ сәйкестендіру нәтижелерін де фото және бейнефиксациялау, сондай-ақ өнімнің үлгілерін (сынамаларын) іріктеу жүргізіледі.

4) өнім партиясын сертификаттау кезінде үлгілерді сәйкестендіруді және іріктеуді сәйкестікті растау жөніндегі орган және (немесе) аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) өнім орналасқан жерде: уақытша сақтау қоймасында, кеден қоймасында, алушының қоймасында, көлік құралының сыйымдылығында не кедендік рәсімдерді және іріктелетін өнім үлгілерінің тәртібі мен санын айқындайтын нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген сынамалар мен үлгілер арқылы жүргізеді.

Өтініш берушінің келісімі бойынша үлгілерді (сынамаларды) сәйкестендіруді және іріктеуді аккредиттеу саласына тиісті өнім енгізілген өнімнің сәйкестігін растау жөніндегі басқа орган және (немесе) аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) немесе сәйкестікті растау жөніндегі органның немесе аккредиттелген сынақ зертханасының қатысуымен өтініш берушінің өзі бейнебайланыс режимінде жүргізуі мүмкін.

Өнімнің үлгілерін (сынамаларын) сәйкестендіруді және іріктеуді жүргізу кезінде процестің өзін де, сондай-ақ сәйкестендіру нәтижелерін де фото және бейнефиксациялау, сондай-ақ өнімнің үлгілерін (сынамаларын) іріктеу жүргізіледі.

5) коронавирустық инфекция (COVID-19) пандемиясы кезеңінде осы хаттың 1 және 2-тармақтарындағы іс-әрекеттерді өтініш берушінің тиісті келісімі болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында дайындалатын өнімге қатысты сәйкестікті растау жөніндегі органдар тең дәрежеде қолдана алады.

Техникалық реттеу және метрология комитеті
Шығыс: 27.03.2020, № 22-01-21/13-и

**Территориальным департаментам
технического регулирования
и метрологии областей и городов
Нур-Султан, Алматы и Шымкент
ТОО «Национальный центр аккредитации»**

*касательно принятия временных мер по вопросам
проведения сертификации продукции
на территории Республики Казахстан
в период коронавирусной инфекции*

В связи с объявлением Всемирной организацией здравоохранения пандемии коронавируса COVID-19 в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 15 марта 2020 года № 285 в целях защиты жизни и здоровья граждан от коронавируса на всей территории Республики Казахстан введено чрезвычайное положение.

В целях соблюдения мер безопасности в борьбе с распространением коронавируса приняты ряд определенных мер и временных ограничений, установлено ограничение на въезд на территорию Республики Казахстан и выезд с ее территории, въезд/выезд между городами Нур-Султан и Алматы, а также государственными органами и субъектами предпринимательства, введены ограничения в бизнес-процессах, в том числе введен режим неполного рабочего времени работников и установлена возможность дистанционной работы.

В этой связи, в целях стабильного обеспечения поставки продукции, сырья и комплектующих изделий для нужд населения и производства Казахстана, связанного с обеспечением населения республики средствами индивидуальной защиты, дезинфицирующих средств (для применения в быту, лечебно-профилактических учреждениях), товаров бытовой химии, на период действия пандемии коронавирусной инфекции (COVID-19), Комитет поручает

территориальным департаментам и ТОО «Национальный центр аккредитации» довести до сведения органов по подтверждению соответствия и испытательных лабораторий (центров) **об оказании незамедлительного содействия в проведении оценки соответствия продукции.**

Дополнительно сообщаем, что **средства индивидуальной защиты, дезинфицирующие средства (для применения в быту, лечебно-профилактических учреждениях), товары бытовой химии** относятся к Единому перечню товаров, подлежащих санитарно-эпидемиологическому надзору (контролю) на таможенной границе и таможенной территории Евразийского экономического союза, и подлежат **государственной регистрации** согласно Решению Комиссии Таможенного союза от 28 мая 2010 года № 299 «О применении санитарных мер в Евразийском экономическом союзе».

Вместе с тем, учитывая ограниченную возможность выезда экспертов-аудиторов на производство для проведения органами по подтверждению соответствия продукции обязательных процедур анализа состояния производства и отбора образцов (проб) продукции, Комитет технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан рекомендует органам по подтверждению соответствия и заявителям при проведении работ по подтверждению соответствия учесть следующее:

1) В отношении действующих сертификатов соответствия на серийную продукцию, в случае, если срок очередного планового инспекционного контроля наступил или наступает в период пандемии коронавирусной инфекции (COVID-19), анализ состояния производства за сертифицированной продукцией проводится дистанционно (в онлайн-режиме), путем обмена документами (данными) по электронной или почтовой связи с применением фото и видеофиксации, позволяющей в полном объеме оценить уровень производства и соответствия технологических процессов предъявляемым требованиям.

При этом орган по подтверждению соответствия:

- принимает меры по актуализации системы менеджмента качества, предусматривающей процедуру дистанционного инспекционного контроля в случае невозможности выезда на производство для проведения обязательных процедур анализа состояния производства и отбора образцов (проб);

- обеспечивает наличие в деле по сертификату соответствия письма изготовителя о неизменности технической документации и стабильности технологического процесса производства сертифицированной продукции;

- вносит соответствующие изменения в план проведения инспекционного контроля;

- проводит идентификацию и отбор образцов (проб) на складе продукции заявителя (изготовителя или уполномоченного изготовителем лица), на складе временного хранения, таможенном складе, в емкости транспортного средств в присутствии заявителя, изготовителя или уполномоченным изготовителем лица.

По согласованию с заявителем (изготовителем или уполномоченным изготовителем лица) идентификация и отбор образцов продукции может проводиться другим органом по подтверждению соответствия продукции и (или) аккредитованной испытательной лабораторией (центром), в область аккредитации

которых включена соответствующая продукция или самим заявителем (изготовителем или уполномоченным изготовителем лицом) с участием органа по подтверждению соответствия или аккредитованной испытательной лабораторией в режиме видеосвязи.

2) В отношении действующих сертификатов соответствия на серийную продукцию, срок действия которых заканчивается в период пандемии коронавирусной инфекции (COVID-19), органом по подтверждению соответствия, который проводил периодическую оценку (инспекционный контроль) этой сертифицированной продукции, может быть оформлен новый серийный сертификат с учетом положительных результатов последней периодической оценки такой сертифицированной продукции.

Инспекционный контроль по таким вновь выдаваемым сертификатам должен быть проведен в срок, не превышающий 3 месяца с момента снятия ограничения эпидемиологической ситуации, как на территории Республики Казахстан, так и в стране, в которой изготавливается продукция, из Перечня стран.

Указанный пункт может быть применен только в отношении продукции, применительно к которой отсутствуют выявленные факты нарушения обязательных требований.

3) В отношении продукции серийного производства, впервые выпускаемой в обращение на территории Республики Казахстан, анализ состояния производства проводится дистанционно (в онлайн-режиме), путем обмена документами (информацией) по электронной или почтовой связи с применением фото и видеофиксации, позволяющей в полном объеме оценить уровень производства и соответствия технологических процессов предъявляемым требованиям.

При этом орган по подтверждению соответствия должен обеспечить в последующем проверку полученных данных при проведении инспекционного контроля в срок, не превышающий 3 месяца с момента снятия ограничения эпидемиологической ситуации, как на территории Республики Казахстан, так и в стране, в которой изготавливается продукция, из Перечня стран.

Орган по подтверждению соответствия проводит идентификацию и отбор образцов (проб) на месте нахождения продукции: на производственной линии готовой продукции или на складе продукции изготовителя, в случае отечественного изготовителя; на складе уполномоченного изготовителем лица; на складе временного хранения; таможенном складе; на складе получателя; в емкости транспортного средства; либо посредством проб и образцов, ввезенных на территорию Республики Казахстан с соблюдением таможенных процедур и предназначенных для проведения исследований (испытаний) и измерений образцов (проб) продукции с соблюдением требований нормативно-технической документации, определяющей порядок и количество отбираемых образцов продукции.

По согласованию с заявителем (изготовителем или уполномоченным изготовителем лица) идентификация и отбор образцов продукции может проводиться другим органом по подтверждению соответствия продукции и (или) аккредитованной испытательной лабораторией (центром), в область аккредитации которых включена соответствующая продукция или самим заявителем

(изготовителем или уполномоченным изготовителем лицом) с участием органа по подтверждению соответствия или аккредитованной испытательной лабораторией в режиме видеосвязи.

При проведении идентификации и отбора образцов (проб) продукции проводится фото и видеофиксация как самого процесса, так и результатов идентификации, а также отбора образцов (проб) продукции.

4) При сертификации партии продукции идентификация и отбор образцов проводится органом по подтверждению соответствия и (или) аккредитованной испытательной лабораторией (центром) на месте нахождения продукции: на складе временного хранения, таможенном складе, на складе получателя, в емкости транспортного средства либо посредством проб и образцов, ввезенных на территорию Республики Казахстан с соблюдением таможенных процедур, и требований нормативно-технической документации, определяющей порядок и количество отбираемых образцов продукции.

По согласованию с заявителем идентификация и отбор образцов (проб) может проводиться другим органом по подтверждению соответствия продукции и (или) аккредитованной испытательной лабораторией (центром), в область аккредитации которых включена соответствующая продукция или самим заявителем с участием органа по подтверждению соответствия или аккредитованной испытательной лабораторией в режиме видеосвязи.

При проведении идентификации и отбора образцов (проб) продукции проводится фото и видеофиксация как самого процесса, так и результатов идентификации, а также отбора образцов (проб) продукции.

5) На период пандемии коронавирусной инфекции (COVID-19), действия в пунктах 1 и 2 настоящего письма могут в равной степени применяться органами по подтверждению соответствия в отношении продукции, изготавливаемой на территории Республики Казахстан, при наличии соответствующего согласия заявителя.

Комитет технического регулирования
Исх.№ 22-01-21/13-и от 27.03.2020